

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 668 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 145 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы 1992-1993 жылдардағы сауда-экономикалық қатынастардың нәтижесінде пайда болған (корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысуға өтеуге дейін және одан) берешекті өтеу туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 6 тамыздағы N 668 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Наталья Артемовна Коржоваға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Болат Бидахметұлы Жәмішевке" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі